

ӘӨЖ 792.2

Р.С. Ильясова

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: riza154@mail.ru

### Шығармашылық тұлғаның қоғамдағы рөлі

Мақалада автор өнер саласының өкілі саналатын режиссерді шығармашылық тұлға ретінде қарастыра отырып, оның қауымдағы рөлін бүгінгі заманның өзекті мәселелерімен өзара байланыстырып сараптаған. Ғалымдардың зерттеулері негізге алынып, автор жаңашыл көзқараста тұжырымдар мен ұсыныстар жасаған.  
**Түйін сөздер:** шығармашылық тұлға, режиссер, өнер, театр, актер

R.S. Ilyassova

### The role of the individuality in the society

In the research article the author investigates the stage director as a individual person and it's relative relationship with actual problems of the art. Research is presented by the conclusions and proposals of author on the basis of scientific works of scientists was carried out.

**Keywords:** individual personality, stage director, art, theatre, actor

Р.С. Ильясова

### Роль творческой личности в социуме

В статье автор рассматривает режиссера как творческую личность и его роль в социуме, актуальные проблемы в сфере современного искусства. Сделаны самостоятельные выводы и представлены авторские предложения решения проблем на основе трудов ученых.

**Ключевые слова:** Творческая личность, режиссер, искусство, театр, актер.

### Introduction

Бүгінгі таңда жеке тұлға мәселесі ғылымның әр саласында көтеріліп жүрсе де, оның шығармашылық сипаты әдебиетке, өнер мен мәдениетке тән болып қала бермек. Яғни, бұл ретте біз оны шығармашылық тұлға деп атаймыз.

Жалпы, шығармашылық тұлға ұғымын бір жүйеде қарастыру мүмкін емес. Ол тек көркемдік ізденісті әспеттеп қана қоймай, шынайы өмірде әлеуметтік мәселелерді қозғау күшіне айналады. Мұның нақты дәлелі ретінде біз өнер саласындағы актер мен режиссер тұлғаларын айта аламыз.

Режиссер өзіндік ой желісімен шығарманы заманауи тұрғыда әрлендіріп, көрерменнің сана сезіміне сыятындай етіп, қойылымды сахналық

безендірудің көмегімен және актер ойыны арқылы көрермен назарына ұсынады.

Бұл жерде режиссер қызметінің ауқымы кең екендігі көрінеді. Режиссер бір уақытта композитор және орындаушы міндетін атқарады. Ол ұжыммен бірге драматург пьесасын орындайды, яғни, осы тұрғыдан алғанда, оның өнерін орындаушылық қызмет деп айтқан жөн. Бірақ, дәл солай, режиссер қолына пьесаны алған сәттен бастап, актерлер орындауындағы спектакльді ойша көз алдына келтіріп, құра бастайды. Бұл тұрғыдан, режиссер композиторға айналады. Нәтижесінде, сахналық шешімдерінің тереңдігімен, өзіндік дарынымен ерекшеленетін режиссер пьеса жағынан – орындаушы, ал актер мен көрермен жағынан – композитор болады.

Демек, композиторлық міндетін мықты

игерген режиссер актердің жетік маман болып шығуына әсер ететінін, оның шыңдалуына серпін беретінін жоққа шығаруға болмайды. Осы үдеден шыға білген атақты тұлғалар қазақ режиссурасын жаңа қырынан дамытып, діндеген мақсатына анық жетіп отырған. XX ғасырда қазақ театрының мәртебесін көтеріп, ұлттық сахна көкжиегінің кеңейе түсуіне айрықша зор үлесін қосқан режиссерлер – Жұмат Шанин, Асқар Токпанов, Шәкен Айманов, Әубәкір Исмайылов, Мұхтар Қамбаров қазақ өнерін кәсіби тұрғыда қалыптастырған еді.

Сахна саңлақтарын тәрбиелеп шығарған сан қырлы талант иелері өнерді қазақы ұлттық бояу мен салт-дәстүрге қанықтырып, жаңа белді белеске жеткізген болатын. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай бұлардың арасындағы Жұмат Шанинді қазақ топырағында режиссура ілімін алғаш уағыздаған және оны жалғыз қалыптастырған рухани тұлға ретінде атап көрсетсе, Асқар Токпановты осы салада тұңғыш жоғары оқу орнын тәмамдап, арнайы режиссерлік диплом иеленген кәсіби қайраткер ретінде атады [1].

### Main body

Режиссерлік өнерде барлығы бір қалыпта тұрмайтынын ескерсек, жаңа спектакль жаңа міндетті жүктейтіні, жаңа мәселені туындатаыны, жаңа ізденісті талап ететіні ақиқат. Осы ретте әрбір шығармашылық тұлғаның, мейлі ол кескіндемеші болсын, композитор я жазушы болсын – мақсаты, мүддесі бір арнаға түйіседі. Шығармашылық тұлғаның басты мұраты – ерекше ойлау тәртібі десек, режиссердің де басты мақсаты – авторлық қасиетін жоғалтып алмау. Себебі, өнерде өшпес із қалдырудың, қайталанбас тұлға болудың сыры да осында жатыр.

Заманның ағымына қарай, «елу жылда ел жаңа» демекші, қазіргі таңда инновациялық технологиялар қарқынды дамуда. Осыған байланысты елеулі өзгерістердің театр саласынан, мәдениет пен өнерден орын алуы – заңдылық. Ескі сұрлеумен жүруден жалықпайтын актер өнерінен көрермендердің театрға қызығушылығы жоғалып бара жатқандығы да сондықтан, онымен қоса өнер өкілдерінің жауапкершілігі босаңсып кетуі анық байқалады, бұл театр тағдыры үшін үлкен мәселе болып табылады. Мұнда режиссердің де ішкі бостандығын сақтай алуы ерекше рөл атқарады. Ішкі дүниесі ешкімге

тәуелді емес шығармашылық тұлға бұған дейін жатқанды бола бастаған пішіндердің бәрінен бойын аулақ салып, қалыптасқан тәсілдерге өз жаңалықтарын батыл енгізіп отырары хақ. Бұл дегеніміз – шығармашылық тұлғаның өзіндік үлес қосу арқылы қауымдағы рөлін айқындап, мәдениет пен өнер тарихында өз сара жолын салуы.

Бүгінде өмірде орын алып жатқан құбылыстарға белсене араласып отыру – режиссер міндетімен, өнердің өміршеңдігімен тығыз байланысты. Қазақ өнерінің сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда, режиссер көзқарасының өмір шындығымен санаспауы қазіргі қазақ театрының басты мәселесіне айналғалы біраз уақыт болды. Шығармашылық тұлғаның талғамсыздығы білімсіздіктен туып, ол актер ойынында көрініс беріп қалуда. Белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығайдың пікірінше, кейінгі актерлердің көбі сөз мәнісін ұқпай, мағына тереңдігіне бойламай, даусым бар екен деп жаттап алғанын судыратып айта береді. «Не даусы, не үні, не сөзі жетпейді, не сыбырлап сөйлей алмайды. Бар тапқаны – айғайлау. Ал құр айғаймен актер алысқа кете алмайды», – дейді өнер сыншысы [2].

Актер шеберлігінің басты ерекшелігі – психологиялық тереңдігімен, ойланып, сыбырлап сөйлеуімен, ұстамдылығымен көбірек әсер етуінде. Ал бұған режиссер өз кәсібилігімен ықпал етуі тиіс. Тумысынан режиссерлік қасиет қонған тұлға өмірді толық білмесе, өзін қоғам азаматы ретінде сезінбесе, оның суреткерлік өресіде биік емес екенін көрсетеді.

Өнер талаптарына сай шығармашылық тұлғаның өн бойында бірнәрсеге қарсы шығып, немесе оны қолдау, соны нақтылау секілді ішкі сұраныс қажеттілігі туындайды. Қойылым режиссердің ішкі тереңдігімен сусындап тұрса, актер де ішкі тізгінін жібермейтіні, діндегенінен алшақтамайтыны – осының айнымас дәлелі. Бұл жайында «Суретші өмірдің мәнін түсінбей, жақсыны жаны сүйіп, жаманнан жиренбей жатып, өмірді суреттей алады деген тұжырым – ең қате пікір», – дейді ұлы орыс жазушысы Л. Толстой [3].

Қазіргі таңда қазақ өнерінде ескішілдік сарыны да байқалып жатады. Қазақ мәдениетінің дамуы осы бір олқылықтың ықпалына түскені жасырын емес. Режиссердің қойған спектаклі сол баяғы ескі ізбен сахнаға шығады, драматургиясы да сол стандарт негізінде қалып қояды. «Баяғы жартас бір жартас» деп, сол

бірізділік, бірсарындылыққа бой алдыратындар да жиі кездеседі. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, бүгінгі қазақ режиссура-сы драматургияның әлсіздігінен тығырыққа тірелсе, екіншіден репертуар тапшылығы да орын алуда. Сондықтан, тұйықтан шығу үшін шығармашылық тұлға әдебиетке жүгінеді. Әдебиеттің оқырман ықыласына бөленген, тарихи және бүгінгі өмір тақырыбын жақсы көтерген озық туындыларын сахнаға бейімдеуге тырысады. Дәл осы кезде режиссер ойында қарама-қайшылықтың туындауы – заңды нәрсе. Мұндайда шебер режиссер ғана ескішілдікке бой алдырмай, ұлттық құндылықтардың өңін бұзбай, рухани қорды бүгінгі күн сұранысына толыққанды сай етіп, жаңа үлгіде қайталап отырады. Соның нәтижесінде сахнаға қазіргі заман талабына сай қойылымдар келеді.

Сахна үшін таптырмайтын тақырыптарды тілге тиер етер болсақ, Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің, бергі кезеңдегі талантты жазушылар Әбіш Кекілбаевтың, Қабдеш Жұмаділовтің, Мұхтар Мағауиннің, Сайын Мұратбековтің, Қалдарбек Найманбаевтың үздік үлгідегі туындалары кез келген шығармашылық шыңның бастау көзіне айналған. Демек, қазақ әдебиетінің осынау өлмес шығармаларын театр өнерінің қайнар көзі деп толық айта аламыз.

Мәселен, ұлы режиссер Әзірбайжан Мәмбетов 1960 жылы бірінші рет қазақ классикасына қадам жасады. Бұл жолы сахнаға жолдама алған Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпаны» мамандар тарапынан жоғары баға алды. Драматург Қ. Мұхамеджанов бұл қойылымды театр репертуарына қосылған тағы бір үлкен шығарма ретінде атап өтті. «Спектакльде өзара орынды қабысып жатқан халық ойындары, әдет-ғұрыптық элементтер өте нанымды, сыйымды беріледі», – деп жазды драматург. Сөйтіп, дарынды режиссер қазақ әдебиеті классикалық туындысының мерейін үстем етті.

Театр сыншыларының берген бағалары бойынша, бұл жан тебіренерлік сахналық шығармаға айналды [1].

Ал қазіргі танымал режиссерлердің бірі Әлімбек Оразбеков Мұхтар Әуезовтің классикалық кейіпкерлері – Айман мен Шолпанды бүгінгі заманғы «олигархтың» ерке қыздарына айналдырып, басқа қырынан көрерменге ұсынды. Шығармашылық тұлғаның бұл жаңашылдығын, ұтқыр шешімін, қазіргі уақытпен мінсіз үндестік

деп түсінген дұрыс. Тіпті театр саңлақтарының өзі мұндай қадамға таңданыстарын жасырмады.

«Бұл спектакльді дайындау барысында мен бір жаңалық ашайын деп ойламадым. Жалпы театр көрермендерінің көпшілігі – жастар. Оларға сол баяғы дәстүрлі, дайын тұрған дүниені ұсынсаң, оны қабыл алуы қиындау болар еді. Сондықтан, М. Әуезовтің классикалық туындысына сусында-ту үшін де шығарманы заманауи тұрғыда беруді жөн деп шештім. Әлбетте, ол біреуге ұнаса, біреуге ұнамайды. «Өзгертпей-ақ, сол заманды көрсететін қазақы шапан, бөріктермен сахналануы тиіс еді» дегендей пікірлер де айтылды. Бірақ, өзім бұл пікірге қосылмаймын. Өмірдің өзі – қозғалыс», – дейді дарынды режиссер [4].

Міне, осыдан шығатыны – автор ескі ұғым шеңберінен шығып, драматургияны заман көзқарасына сай сахналауы тиіс, бірақ, драматургиялық түпнұсқаны өзгертпеуі басты шарт екенін ұмытпағаны абзал. Режиссер таңдап алған шығармасын қазақи дәстүрді жоғалтпай, жаңаша бағытта өзіне тән шеберлікпен ұсынып, көрермен жүрегіне жол тауып жатса, неге жаңаша туындыны қолдамасқа?! Сонда ғана режиссердің қазіргі көрермен көңілін рухани байытып, өскелең ұрпаққа берері мол болады, өзіне жүктелген үлкен міндеттерді ойдағыдай орындай алады. Ал, режиссер еңбегінің құндылығы – ондағы әрбір көрініс шынайылығымен шектелмей, әлеуметтік мәселелерді «көзі ашық, көкірегі ояу» суреткердің түйсігімен, оның ішкі дүниесінің байлығымен суреттеп жеткізуінде.

## Results

Көріп отырғанымыздай, шығармашылық тұлғаның қауымдағы рөлі өз заманының лебін сезініп, қарапайым жанның немен өмір сүретінін жақсы білуімен айшықталады. Бүгінде кейбір режиссерлер қазақ сахнасына қазіргі заманғы әлем театрының жаңалығын енгізуға құлшынады. Олар халықтың психологиясына қарама-қайшы келетін спектакльдерді қойып, фильмдерді түсіргенді жөн санайды. Кейде осы туындылар халықтың ықыласына бөленбей, көрерменнің көңіл құрышы қанбайтыны ақиқат.

Мұндайда қазақ өнерін өзге елге мойындату үшін бірінші кезекте режиссер жауыр болған еліктеушіліктен арылу қажеттілігі туындайды. Өйткені, шетелдік көрермен сол өнер туындысына оның шыққан жерінің иесі – қазақтың көзімен қарай алмайды. Қазақ өнерін әлемге паш еткен

тұлғалардың алдында бірінші ретте халқының рухын асқақтату парызы тұрды десек, олардың ұлттық құндылықтар молынан сарқып қалуға тырысты. Сондықтан болар, «халықтың лиро-эпос түрінде өрнектеліп жүрген «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Ақан сері – Ақтоқты», «Қарақыпшақ Қобыланды» әлем көрермендерінің көзіне түсіп, көкірегін баулар үлкен жинақтаулар мен трагедиялық кернеулер тасқындаған алапат туындыларға айналды. Ұлттық өнеріміздің биік серпінін көрсетіп, халық тағдырының қилы замандарын бейнелеген «Абай», «Ана – Жер-Ана», «Қан мен тер» қазақ режиссурасының эталоны болып қала бермек» [5].

Өнердегі қазіргі өмір шындығы – ақиқат болмысты дөп басып қабылдау, оны көркемдік тәсілдермен жеткізе білу, сол арқылы көрерменнің санасына, еркіне және сезіміне әсер ету болып табылады. Мұның бәрі – шынайы өнердің негізгі талаптары. Режиссерлік мамандықтың нағыз кәсіби қырлары осымен анықталады.

Режиссер қазақ сахнасына тән қарапайымдылық пен төзімділікті, терең жан тебіренісін өз дәуірінің үнімен ұштастыра білсе, өзіне ғана тән ерекшелігін көрсете алса, қауымдағы шығармашылық тұлғаның рөлі өшпес із қалдырды деп айтуға әбден лайық болмақ.

### Әдебиеттер

- 1 Сұлтанова Ж. Сахна сардары // Егемен Қазақстан, 2012.
- 2 Сұлтанова Ж. Әшірбек Сығай: Ұлттық намыс қалғып кеткендей // Егемен Қазақстан, 2012.
- 3 Сулимов М. Посвящение в режиссуру. – СПб.: Издательский дом С.-Петербургского государственного университета, 2004. – С. 286
- 4 Спандиярқызы Н. Театрдан шеттетілуім режиссер болуыма түрткі болды // Астана ақшамы, 2013.
- 5 Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 248 б.
- 6 Әуезов М. Жалпы театр өнері мен қазақ театры: шығармалардың елу томдық толық жинағы. – Т. 3. – Алматы: Ғылым, 1998.
- 7 Львов Н.И. Казахский театр. – М.: Искусство, 1972. – 440 с.
- 8 Құндақбаев Б. Мұхтар Әуезов және театр. – Алматы: Ғылым, 1997. – 248 б.
- 9 Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
- 10 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1996. – 368 б.

### References

- 1 Sultanova Zh. «Sakhna sardary», «Egemen Kazakhstan» gazetі, 2012.
- 2 Sultanova Zh. «Ashirbek Sygai: Ul'tyк namys kalgyp ketkendei», «Egemen Kazakhstan» gazetі, 2012.
- 3 Sulimov M. Posvyashenie v rezhissuru. – Sankt-Peterburg: Izdatelskii dom S.-Peterburgskogo gosudarstvennogo universiteta, 2004. – S. 286
- 4 Spandiyarkyzy N. «Teatrdan shettetiluium rezhisser boluyma turtki boldy», «Astana akshamy» gazetі, 2013.
- 5 Rahimov A. Rezhisser sheberligi. P'esadan koiylymga dein., Almaty, «Tarikh tagylymy» baspasy, 2010, 248 b.
- 6 Aueзов M. Zhalpy teatr oneri men Kazakh teatry. Shygarmalardyn elu tomdyk zhinagy., Almaty, «Gylym» baspasy, 1998 zh, T. 3
- 7 L'vov N.I. Kazakhskii teatr., Moskva, «Iskusstvo», 1972, 440 s.
- 8 Kundakbaev B. Mukhtar Aueзов zhane teatr, Almaty, «Gylym» baspasy, 1997 zh, 248 b.
- 9 Nurgaliev R. Arkay. Almaty, «Zhazushy» baspasy, 1991 zh, 576 b.
- 10 Gabdullin M. Kazakh halkynyn auz adebieti, Almaty, «Zhazushy» baspasy, 1996 zh, 368 b.